


Келісiлдi   
«Babi» бөбекжайының  
әдiскерi Базаралиева.Б.Т

Бекiтiлдi   
«Babi» бөбекжайының  
директоры Кулахметова.О.А



**Тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл!»  
«Ботақан» тобы**



Тәрбиеші: Махамбет.Қ.М

2025-2026

## **Жаңа жыл мерекесінің жоспары**

**Тақырыбы:** «Қош келдің, Жаңа жыл»

**Мақсаты:** Балаларға Жаңа жыл туралы қарапайым түсінік беру

Қуаныш сезімін, мерекелік көңіл күй қалыптастыру

Қимыл-қозғалыс арқылы белсенділігін арттыру

Ұйымдастыру кезеңі

Балалар мерекелік әуеннің сүйемелдеуімен залға кіреді.

Тәрбиеші балаларды жылы жүзбен қарсы алып, шеңберге тұрғызады.

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Қане, бір-бірімізге күлімдейік

Балалардың назарын безендірілген залға, әсем жасыл шыршаға аударады.

Балалар, қарандаршы, залымыз қандай әдемі болып кеткен!

Мынау не? (Шырша )

Шырша қандай түсті? (Жасыл)

Балалардың көңіл күйін көтеру үшін тәрбиеші қысқаша әңгіме жүргізеді:

Бүгін бізге ерекше күн келді.

Сыртта аппақ қар жауып тұр

Жаңа жыл мерекесі келді!

Балаларға қол шапалақтатқызу арқылы көңіл күйді қалыптастырады.

Кәне, бәріміз қол соғайық!

Жаңа жыл құтты болсын!

**Тәрбиеші:**

Балалар, тоқтаймыз.

Қане, шеңбер болып тұрайық.

Қарандаршы, мынау не?

Шырша қандай?

(Жасыл, әдемі)

Онда шырша туралы өлең айтайық.

Өлең(Шырша әні)

**Тәрбиеші:** Балалар, енді жаңа жылдық мерекемізге Аяз атаны шақырайық. Ол орманда жүріп адасып кеткен болар.

Балалар: Аяз Ата! Аяз Ата! - деп айғайлап шақырады.

Аяз Атаның орнына мыстан кемпір ұшып кіреді де, шыршаны бір айналып барып, қонақтардың алдына келіп тұра қалады.

**Тәрбиеші:** Балалар, Кәне тойды жалғастырайық, Аяз Ата кешікті ғой. Мүмкін адасып кеткен болар. Әнімізде шырқап, атамызды шақырайық!

Есіктің сыртынан дауыстар естіліп, іле-шала залға Аяз Ата мен Ақшақар кіреді. Аяз Ата Ақшақарды қолынан тартып, жетелейді, ол кіргісі келмейді.

**Ақшақар:** Ата жіберіңізші мені ! Кірмеймін мұнда, үйге кетемін.

Аяз Ата: Айналайыным-ау, не болып қалған саған, ауырып қалған жоқсың ба өзі?

Ақшақар Жоқ, жоқ. Ауырып тұрған жоқпын. Ешқайда да барғым келмейді, үйге қайтамын.

Аяз Ата: Қызым-ау, не айтып тұрсың!

Қарашы, біз тойға келдік!

Кәне,балалармен амандасайық.  
Аяулы аналарға,ардақты ұл-қыздарға  
Бүлдіршін балаларға бір сәлем!  
Қандай жарқын жүздерін,  
Қандай әсем жырларың  
Асаулармен алысқап,  
Асау желмен жарысқан  
Аталарың сендерге  
Шаршап келді алыстан  
/Балалармен амандасады/

**Аяз Ата:** Рахмет,рахмет балаларым! Кәнекей қызым! Қонақтардан, ұят болады, басынды көтер. / Ақшақар басын көтермей тұрады./

**Аяз Ата:** Қарашы, балалардың киімі қандай әдемі. Шыршада әсем безендірілген екен. Бәрі де тым сұлуланып кетіпті.

Шырша шамын жағайық,  
Жаңа жыл тойын ашайық.

/Сол кезде Ақшақар жылап тұрып

**Ақшақар:** Мен шырша шамын жағатын, сиқырлы таяғымды жоғалтып алдым! Осы кезде Аяз Ата оны жұбатып тұрып: қазір мен-ақ өзімнің таяғыммен жағамын- дейді.

**Ақшақар:** Қойыңыз ата! Сіз бұл таяғңызбен бүкіл шыршаны қатырып тастайсыз.

**Тәрбиеші:** Ақшақар, сиқырлы таяғң қандай еді?

**Ақшақар** Менің таяғым жылтырауық, пішіні жүрекке ұқсайды. Сіздер оны көрмедіңіздер ме?

**Бала:** Міне таптым, осыма?

**Аяз Ата:** Жарайсың, балапаным! /бетінен сүйеді/

**Тәрбиеші:** Кәне,балалар Аязатаға биімізді көрсетейік

**Аяз- Ата:** Ой! Бәрекелді, жарайсындар балалар! Аталарыңды бір қуантып, тастадыңдар.

Ал балалар ойын ойнайық «Аппақ қар» ойыны

**Тәрбиеші :**Балалар кәнекей Аяз Атаға Өнерімізді көрсетейік «Паравоз биі» Сыйлық беру

**Аяз ата:**

Барлық балаларға мадақтап сыйлық береді

— Міне, саған сыйлық!

— Жақсы бала болғанын үшін!

Қорытынды

**Ақшақар:** Жарайсындар,балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер.

**Аяз-Ата:** Жарайсындар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіңдер.

Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін

тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер.  
Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар!(қолдарын бұлғап шығып кетеді.)

**Балалар:** Сау болыңыздар!

**Тәрбиеші:** Құрметті қонақтар, балалар! 2026-шы жаңа жылға арналған  
мерекеміз аяқталып қалды. Көріп тамашалағандарыңа рахмет. Жаңа жыл  
құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!!